

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫ
ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ**

***ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАР
БРУЦЕЛЛЕЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ТАРАЛУ ҚАУПІ***

ШЫМКЕНТ 2016 год

Бруцеллез (Brucellosis) – созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит және тірек-қимыл жүйесінің, жыныстық қабілетінің бұзылуымен ерекшеленетін жұқпалы ауру.



Қоздырушысы

Бруцеллезді әр түрлі түлікте **Brucella** туыстығына жататын 6 түрге бөлінетін микробтар қоздырады. Кейбір түрлері өзара бірнеше биоварға (биотип) бөлінеді.

B.melitensis қой мен ешкі үшін зардапты және адам бруцеллезінің негізгі қоздырушысы, 3 биотип бар.

B.abortus сиыр, қодас, буйвол, бұғы, марал, түйе және жылқы үшін зардапты, 9 биотипке бөлінеді.

B.suis шошқа, қоян, солтүстік бұғысы үшін зардапты 4 биотипі бар. Оның 1,2 және 3 –шісі шошқада, 2- ші биотип қоянда, 4- шісі бұғыда тоғышарлық етеді.

B.neotomae шөлейттегі егеуқұйрықта (**Neotoma Lepida**) кездеседі. Биотипке бөлінбейді, адам үшін зардаптылығы беймәлім.

B.ovis қой үшін зардапты, қошқардың жұқпалы эпидидимитінің қоздырушысы. Адам үшін зардаптылығы түбегейлі анықталған жоқ. Биотипке бөлінбейді.

B.canis ит үшін зардапты, бұл жануардың эпидидимиті мен іш тастауына себепкер. Биотиптерге бөлінбейді, адамға зардаптылығы белгісіз.

Бруцеллез түрлері және негізгі иесі

Бруцелла түрі	Биовар саны	Қоздырушының негізгі иесі
B. melitensis	3	қой мен ешкілер
B. abortus	9	Ірі қара мал
B. suis	4	шошқалар
B. ovis	-	қойлар
B. neotomae	-	Бұталы егеуқұйрықтар
B. canis	-	иттер

Адам үшін вируленттілігі

<i>Brucella</i> Текмес бактерия түрі	Табиғи тасымалдаушы	адам үшін вируленттілігі	Микроорганизмдер саны
<i>B. melitensis</i>	қой мен ешкілер	жоғары	10-1000
<i>B. suis</i>	шошқалар	Жоғарыдан қалыптыға	$10^3 - 10^4$
<i>B. abortus</i>	Ірі қара мал	қалыпты	10^5
<i>B. canis</i>	иттер	Төмен, иммунды жауапты басуы	$>10^6$

Індеттік ерекшеліктері

Бруцеллезге 60 - тан артық үй және жабайы жануарлар түрлері бейім. Тез шалдығатындары: сиыр, қой, ешкі, шошқа, солтүстік бұғысы. Бұл аурудың табиғи ошағы болмайды. Инфекция қоздырушысының бастауына бруцеллезбен ауырған малдар жатады. Ондай жануарлар шаранамен, шумен, тастанды төлмен, жыныс жолдарынан аққан сорамен ауру қоздырушысын аса мол мөлшерде бөліп шығарады. Қоздырушы микроб сонымен қатар сүтпен, шәуетпен, нәжіспен, несеппен бірге бөлінеді. Сиырдың желінінде бруцеллалар 7-9 жыл, қойда 2-3 жыл сақталып, оқтын-оқтын сүтпен бөлініп тұрады. Жас төлге негізінен бруцеллез алиментарлық жолмен енесінің сүті арқылы, ал сақа жануарларға алиментарлық жолмен және шағылысқанда жанасу арқылы жұғады.

Малды өсіргенде, бағып күткенде ветеринариялық – санитариялық талаптарды дұрыс орындамау, соның нәтижесінде жануарлардың ауруға төзімділігінің нашарлауы, уақытылы шу мен тастанды төлді жинамау, көнді тазаламау, дезинфекцияны ретті түрде жасамау бруцеллездің шығуына жағдай тудырады.

Бруцеллез қаупі
Жайылымдық кезеңде әр-түрлі
жануарларды бірге ұстау



Мал суару үшін ағымсыз суды
пайдалану.



Ферманың антисанитариялық жағдайы, көңді
залалсыздандыру мен тазалау
жұмыстарының жүргізілмеуі.



Малдың түсік тастауы, негізгі себеп-
БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ ТАРАЛУЫ



Дерттенуі

Бруцеллез инфекциясының өрбуін 3 кезеңге бөледі:

1. Регионарлық (шектелген) инфекция кезеңінде қоздырушы белгілі бір ұлпаға қалыптаса бастайды да, аурудың клиникалық белгілері біліне қоймайды. Бұл кезең ересек сақа жануарларда қысқа болады да, әсіресе жас төлдерде ұзаққа созылады.
2. Генерализация (денеге шабу) кезеңі буаздықтың, төзімділіктің төзімділіктің төмендеуі кезінде байқалады. Жануарлар денелерінде әр түрлі мүшелер мен ұлпаларында өліеттенген қабыну процесстері өрбіп, оның нәтижесінде орхит, бурсит, тендовагинит, эндомиетрит сияқты бруцеллездің негізгі белгілері пайда болады. Буаз жануарлар іш тастайды.
3. Екінші латенция кезеңінде денеден ұзақ уақыт бойы микроб бөлініп шығады, организмде осы ауруға тән өзгеше аллергиялық құбылыстар байқалады.

Өтуі мен симптомдары

Егер ауру малдардың ішінде буаздары болмаса, ауру симптомсыз өтеді. Бруцеллезге шалдыққан малдарды тек серологиялық немесе аллергиялық тексеру арқылы ғана анықтауға болады. Жануарлардың барлық түрінде бруцеллездің басты белгісі – буаздықтың екінші жартысында байқалатын іш тастау.

Жекелеген жануарларда бруцеллез кезінде бурсит, гигрома, артрит, тендовагинит, ал еркек малдарда орхит пен эпидидемит байқалып, ені ісініп, кейде шектен тыс ұлғайып, салбырап жүреді. Шошқада тері астындағы шел мен ішкі ағзаларда абцессалар пайда болып, аяқ бұлшық еттері салданады. Жылқының желкесі мен шоқтығында бурсит кездеседі.

Бруцеллез

Жылдар	Тексерілген мал басы				Қолайсыз ошақтар саны (мүйізді ірі қара/уақ мал)				Бірінші трет ауырған адамдар саны
	Мүйізді ірі қара		Уақ мал		Жыл басынан	Ашыл- ғаны	Сауық тырылды	Қалға- ны	
	саны	Оң нәтиже бергені	саны	Оң нәтиже бергені					
2010	1027842	1330	5366446	2370	0/7	0/0	0/7	0/0	679
2011	1188868	728	6769373	2200	0/0	0/0	0/0	0/0	463
2012	1282656	444	6415035	2422	0/0	0/0	0/0	0/0	425
2013	947099	332	4246087	2336	0/0	0/5	0/0	0/5	436
2014	854970	497	4190421	2983	0/5	0/0	0/5	0/0	482
2015	895337	530	3242800	1454	0	0	0	0	382

2015 жылы бруцеллез ауруына 895335 бас ірі қара тексеріліп (жоспар 895335 бас, 100%), оның ішінде 530 бас ауруға оң белгі берген, сондай ақ 3168140 бас уақ мал (жоспар 3168140, 100%), оның ішінде 1449 бас оң белгі берген. Сондай-ақ, түйе 12675 бас, оның ішінде оң белгі бергені жоқ, шошқа 8089 бас, оның ішінде оң белгі бергені 2, 5882 ит тексеріліп, оның ішінде 8 оң белгі берген, жылқы 1618 бас, тексеріліп, оның ішінде ауруға оң белгі бергені 3. Ауруға оң белгі берген малдар тиісті ветсанитарлық талаптарға сай уақытында сойылған.

2010 жылмен салыстырғанда есеп беріп отырған 2015 жылы сарыппен бірінші рет ауырған адамдар саны 43,8 % -ға кемісе, өткен 2014 жылмен салыстырғанда 21% -ға немесе 100 жағдайға кеміген. Ауырған адам саны 31.12.2015 жылы 382 адам. (31.12.2014 жылы 482 адам), өткен жылмен салыстырғанда 100 адамға кемігенімен (21%), Түркістанда +3 адамға артқан, ал, 14 жасқа дейінгі балалар арасында Бәйдібекте +6, Ордабасы-Отрарда +3, Сайрам-Шардара+2, Түлкібаста +1 адамға артқан.

Балау

Бруцеллезге диагноз кешенді түрде індеттанулық, клиникалық аллергиялық және зертханалық тексерудің нәтижесінде қойылады.

Бактериологиялық диагноз үшін жағындыларды микроскоппен қарап, ауру қоздырушысының өсіндісін алып, теңіз тышқанына биологиялық сынама қояды.

Серологиялық реакция бруцеллезге малды жаппай тексеру үшін кеңінен қолданылады. Бұлардың ішінде ең танымал әдістер: агглютинация реакциясы (АР), комплемент байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР), роз бенгал сынамасы (РБС), Сайдұлдин реакциясы (СР).

Аллергиялық тексеру бруцеллездің соңғы кезеңдерінде нәтижелі деп есептеледі. Бұл үшін бруцеллин аллергені пайдаланылады. Оны тері ішіне және тері астына (көздің астыңғы қабағына) жібереді. Бірақ, аллергиялық әдістің сезімталдығы серологиялық реакциялардан төмен.

Емі

Бруцеллезбен ауырған мал емделмейді, ол тез арада сойылады.



Иммунитет

Бруцеллезбен ауырған малда табиғи иммунитет пайда болады. Оның ұзақтығы сиырда 4-5 жыл, қойда 2 жыл. Аурудан соңғы иммунитеттің ерекшелігі, ол бастапқы кезде стерильді емес, яғни организмде қоздырушы микроб сақталды, ал соңынан иммунитеттің стерильді кезеңі басталып, организм қоздырушы микробтан арылады. Иммунды организмде ұзақ сақталуына байланысты ауруға шалдыққан мал клиникалық тұрғыдан жазылып кетсе де, басқа жануарлар үшін қауіпті, инфекция қоздырушысының бастауы болып табылады.

Даулау және күресу шаралары

Бруцеллездің алдын алу үшін ең басты шара – аурудан сау шаруашылыққа сырттан инфекция қоздырушысын әкелдірмеу мақсатында негізгі ветеринариялық-санитариялық талаптарды орындау. Мал табындарын тек қана аурудан таза шаруашылықтарда өсірілген сау жануарлардан, құрайды және жайылымда, суарғанда, айдағанда бір-бірімен араласуына жол бермеу.

Бруцеллез шыққан шаруашылықта інде ошағына карантин қойылып, сауықтыру шаралары жүргізіледі. Сауықтырудың ең тиімді әдісі ауру шыққан табынды түгелімен сойып, қораны мұқият дезинфекциялап, жаңадан сау мал әкелу.

Бруцеллезге қарсы ірі қараны 19 және 82 – штаммдардан даярланған вакциналармен, ал қойды 19-штамм және Rev-1 вакциналарымен егеді.

Облыс көлемінде бруцеллезге
2010-2012 жылдар аралығындағы сынама

№	Мал түрі	2010		2011		2012	
		Тексерілгені	Оң нәтиже бергені	Тексерілгені	Оң нәтиже бергені	Тексерілгені	Оң нәтиже бергені
1	МІҚ	1027842	1 330	1 188 868	728	1 268 000	436
2	Уақ мал	5 366446	2 370	6 772 393	2 200	6 344 100	2 410
3	Жылқы	7 616	-	5 449	-	5 746	1
4	Түйе	7 092	1	2 639	-	2 944	-
5	Шошқа	8 441	-	7 476	-	3 459	-
Барлығы		6424173	3 701	7 995 661	2 929	7 716 600	2 869

Облыс көлемінде бруцеллезге 2013-2015 жылдар аралығындағы сынама

№	Мал түрі	2013		2014		2015	
		Тексерілгені	Оң нәтиже бергені	Тексерілгені	Оң нәтиже бергені	Тексерілгені	Оң нәтиже бергені
1	МІҚ	947 099	332	854 970	497	3 242 800	1 454
2	Уақ мал	4246 087	2 336	4 190 421	2 983	3 242 800	1 454
3	Жылқы	1 828	-	2 640	-	1 633	3
4	Түйе	22 941	23	24 574	-	12 675	-
5	Шошқа	12 323	1	11 182	-	8 089	2
Барлығы		5 472 263	2 717	5 393 353	3 588	4 359 566	2025


2012-2015 жылдары аралығында сарып ауруымен ауырған адам саны

№	Аудан/қала атауы	Жылдар				Барлығы	100 мың тұрғынға шаққанда
		2012	2013	2014	2015		
1	Арыс	4	10	10	4	28	30
2	Бәйдібек	43	43	48	47	181	190
3	Қазығұрт	63	68	55	40	226	230
4	Мақтарал	3	2	3	3	11	20
5	Ордабасы	41	52	67	39	199	200
6	Отырар	15	15	23	20	73	80
7	Сайрам	45	43	35	28	151	160
8	Сарыағаш	14	11	25	21	71	80
9	Созақ	26	20	28	20	94	100
10	Төлеби	33	32	28	23	116	120
11	Түркістан	54	51	56	59	220	220
12	Түлкібас	25	22	15	15	77	80
13	Шардара	22	23	21	13	79	80
14	Кентау	8	11	18	11	48	50
15	Шымкент	29	33	50	39	151	160
	Барлығы	425	436	482	382	1725	1730

Сарып ауруымен тіркелген адамдардың 2014-2015 ж салыстырмалы мәлімет

Аудан, қала	2014	2015	2014-2015 жылды салыстырғанда		
	Ауырған адам саны	Ауырған адам саны	+-	Балалар	%
Бәйдібек	44	47	+3	+ 3	+6
Қазығұрт	47	40	-7	+ 1	-14
Мақтарал	3	3	0	0	0
Ордабасы	63	39	-24	0	-38
Отырар	21	20	-1	+ 3	-4
Сайрам	31	28	-3	0	-9
Сарыағаш	21	21	0	- 1	0
Созақ	27	20	-7	- 2	-25
Төлеби	27	23	-4	- 2	-14
Түлкібас	14	15	+1	+ 1	+7
Шардара	21	13	-8	+ 2	-38
Арыс	9	4	-5	- 1	-55
Кентау	18	11	-7	- 2	-38
Түркістан	47	59	+12	- 6	+25
Шымкент	38	39	+1	0	+2
Облыс бойынша	431	382	-49	4 сл	-11

Қоздырғыштардың ауруға бейім ағзаға ену жолдары: алиментарлы, жанасу арқылы, жыныстық жолмен, аэрогенді.



Қоздырғыш тұрақтылығы

- Сүт өнімдерінде – 7- 60 күн;
- Ет өнімдерінде – 3-5 ай;
- Су, жем, қи, төсеніштерде 4 – айға дейін.

2010-2015 жылдары аралығында бруцеллезбен ауырған МІҚ саны

№	Аудан/қала атауы	Анықталған аурулар саны						
		2010	2011	2012	2013	2014	2015	барлығы
1	Арыс	6	5	4	1	25	2	43
2	Бәйдібек	113	92	17	20	20	17	279
3	Қазығұрт	113	52	26	29	7	3	230
4	Мақтарал	56	48	25	37	33	9	208
5	Ордабасы	80	6	19	11	26	13	155
6	Отырар	50	59	5	4	14	9	141
7	Сайрам	364	135	49	45	108	125	826
8	Сарыағаш	143	70	40	43	84	32	412
9	Созақ	19	18	5	6	3	1	52
10	Төлеби	265	86	94	52	132	58	687
11	Түркістан	57	63	62	15	29	26	252
12	Түлкібас	24	53	63	26	22	38	226
13	Шардара	24	16	10	29	8	12	99
14	Кентау	8	9	5	1	3	2	28
15	Шымкент	8	13	6	4	24	92	147
	Барлығы	1330	725	430	323	536	439	3783

2010-2015 жылдары аралығында бруцеллезбен ауырған уақ мал саны

№	Аудан/қала атауы	Анықталған аурулар саны						
		2010	2011	2012	2013	2014	2015	барлығы
1	Арыс	3	12	18	22	31	25	111
2	Бәйдібек	288	320	174	406	488	209	1885
3	Қазығұрт	432	522	795	664	418	163	2994
4	Мақтарал	89	52	47	60	43	21	312
5	Ордабасы	54	24	74	38	83	40	313
6	Отырар	188	209	152	125	112	59	845
7	Сайрам	131	188	32	141	285	102	879
8	Сарыағаш	28	22	144	58	181	68	501
9	Созақ	505	306	45	70	121	202	1249
10	Төлеби	104	38	191	170	292	179	974
11	Түркістан	234	183	255	311	456	101	1540
12	Түлкібас	197	189	290	131	142	132	1081
13	Шардара	66	52	68	49	45	24	304
14	Кентау	43	80	86	26	40	18	293
15	Шымкент	8	2	22	32	245	106	415
	Барлығы	2370	2199	2393	2303	2982	1449	13696

2012-2015 жылдары аралығында бруцеллезбен ауырған адам саны

№	Аудан/қала атауы	Анықталған аурулар саны					
		2010	2011	2012	2013	2014	2015
1	Арыс	8	3	4	10	10	4
2	Бәйдібек	69	43	43	43	48	47
3	Қазығұрт	93	70	63	68	55	40
4	Мақтарал	11	3	3	2	3	3
5	Ордабасы	76	50	41	52	67	39
6	Отырар	23	10	15	15	23	20
7	Сайрам	77	52	45	43	35	28
8	Сарыағаш	26	14	14	11	25	21
9	Созақ	41	28	26	20	28	20
10	Төлеби	54	33	33	32	28	23
11	Түркістан	57	56	54	51	56	59
12	Түлкібас	39	30	25	22	15	15
13	Шардара	34	21	22	23	21	13
14	Кентау	10	11	8	11	18	11
15	ШЫМКЕНТ	61	39	29	33	50	39
	Барлығы	679	463	425	436	482	382

Бруцеллезді түбірімен жою неге қиын?

- Тұраралық қозғалысқа қабілетті бруцеллалардың бірнеше түрлілігі;
- Бруцеллалардың жоғары жұққыштығы;
- Горизонтальді және вертикальді жұғу жолдарының болуы;
- Сыртқы ортаға жоғары төзімділігі;
- Физиологиялық жағдайдың инфекциялық ағымға әсері;
- Әсерлі медикаментозды терапияға тосқауыл болатын жасушаішілік паразиттілік.

Бруцеллездің паразитарлық жүйесінің айрықша белгілері


- Полигостальділік- табиғи иесінің көп сандылығы (Қан сорғыш кенелердің 33 түрі, омыртқалы жануарлардың 60 аса түрінің бруцеллезге икемділігі зерттеушілермен дәлелденген.)
- Қоздырғышты бөлу жолдарының көптүрлілігі (сүт, зәр, тастанды төл т.б.)
- Қоршаған ортаға қоздырғыштың төзімділігі.
- Жасушаішілік паразиттілік (антибиотиктердің тиімсіздігі, гуморальді антиденелермен қоздырғышты бейтараптаудың тиімсіздігі)
- Қоздырғыштың эволюциялық ерекшеліктері (қоздырғыштың басқа жануар түрлеріне қозғалысының мүмкіндігі)

Қоздырғыш тұрақтылығы

- Сүт өнімдерінде – 7- 60 күн;
- Ет өнімдерінде – 3-5 ай;
- Су, жем, қи, төсеніштерде 4 – айға дейін.



Қоздырғыштардың ауруға бейім ағзаға ену жолдарының көптігі: алиментарлы, жанасу арқылы, жыныстық жолмен, аэрогенді.



Қоздырғыш плацентадан өтіп, іштегі төлге жұғады.



Бруцеллездің клиникалық белгілері:



Қоздырғыштың берілу факторы мен менханизмі

Көнді мал қораға жақын жинақтау



Жануарларды пайдаланылған төсенішпен қоршалған жайылым ауласында ұстау.



Антисанитариялық жағдайда төл алу

Бруцеллез кезінде қоздырғыштың берілуінде қоршаған ортаның барлық элементтері қатысады. (астау мен жем, су, тұрақ, төсеніш, көң, транспорт, үй-жайдың барлық элементтері, қарау құралдары— сыпыртқы, күрек, айыр, ыдыс және өзге де құрал-саймандар мен киім).

Қоздырғыш көзіне байланысты жануарлар бруцеллезінің туындауы мен таралуы қаупінің критеріі

- 1. Облыстың ауылдық аумақтарында ауылшаруашылығы жануарларын диагностикалық зерттеулердің толық қамтымауы.**
- 2. Жануарларды уақытылы оқшауламау және союға өткізбеу.**
- 3. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру мен мәлімет базасына енгізу жұмыстарының қажетті деңгейінде жүргізілмеуі ; жоғалту, биркалардың уақытылы ауыстырылмауы.**
- 4. Қожалықта союға өткізілген ауру жануарлардың төлдерінің қалып қоюы.**
- 5. Әр - түрлі бруцеллезге қолайсыз жердің жануарларын сау жануарлармен жайылымда бірге бағу (МІҚ, Уақ мал, Жылқы т.б.)**
- 6. Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллез бойынша эпизотиялық ахуалы айқындалмаған қожалық жануарларымен жайылым мен суғару орындарындағы жанасуы .**
- 7. Қожалықты уақытылы қолаймыз деп жарияламау.**
- 8. Бақылаусыз мал сатылымы.**

Қоздырғыштың берілу механизміне байланысты жануарлар бруцеллезінің туындауы мен таралуы қаупінің критеріі :

- 1. Мал басын ұстаудың, өсірудің қанағаттанарлықсыз ветеринариялық-санитариялық жағдайы. (қоршаулар, санитарлық өткізгіштер, дезинфекциялық өткел жоқ, жұмыс тобы арнайы киіммен жабдықталмаған, санитарлық күн өткізілмейді, фермалардың жануар асырайтын қора-жайлары зоогигиеналық нормаларға сәйкес келмейді.)**
- 2. Жануарлар иелерімен қора жайларды санитариялық тазалау қажетті деңгейінде жүргізілмейді, ал кей бір жағдайларда мүлде жүргізілмейді. Жануар асырау объектісі мен алаңынан көң уақытылы шығарылмайды.**
- 3. Бруцеллез кезінде қоздырғыштың берілуінде қоршаған ортаның барлық элементтері қатысады. (астау мен жем, су, тұрақ, төсеніш, көң, транспорт, үй-жайдың барлық элементтері, қарау құралдары– сыпыртқы, күрек, айыр, ыдыс және өзге де құрал-саймандар мен киім).**
- Мал жаю кезінде қоздырғышты беру факторы ретінде мал жаю алаңының өзі қатысады, суару аумағы, қамау, мал сауу құрылғылары.**
- 4. Көнді биотермиялық тәсілмен залалсыздандыру жүргізілмейді.**
- 5. Төл өсірудің емізулі тәсілі.**
- 6. Қаңғыбас иттер, жабайы жануарлар, кеміргіштер бруцеллезді кіргізудің не жұқтырудың себебі болуы мүмкін.**

Сезімтал ағзаға байланысты жануарлар бруцеллезінің туындауы мен таралуы қаупінің критеріі :

- 1. Жануарлардың жалпы ауруға тозімділігінің төмендігі, жануарлар ұстау мен азықтандырудың қанағаттанарлықсыздығы.**
- 2. Бруцеллезге қарсы иммунитеттің болмауы.**
- 3. Егуді (вакцина) дұрыс таңдамау мен қолдану шартының дұрыс орындалмауы.**

Қауіптің жанама факторы:

- 1. Ауылды аймақтарда ветеринар мамандардың жеткіліксіздігі.**
- 2. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмысының қанағаттанарлықсыздығы.**
- 3. Бруцеллез секілді антропозоонозды аурулардың алдын алу жұмыстары, профилактикалық сі-шаралары туралы халық арасында түсіндірме жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі.**
- 4. Жануарлардың және жануар тектес азықтың қадағалаусыз қозғалысы мен өткізілуі.**
- 5. Ауылды жерлерде өз қажеттілігіне немесе кейінгі өткізу мақсатында өз ауласында мал сою жағдайлары орын алуда.**

Эпизоотиялық ахуалды сипаттайтын материал қорытындысы негізінде, біз келесідей қорытынды мен ұсыныс жасаймыз

- Бруцеллез қоздырғышы ОҚО – да МІҚ мен уақ мал арасында кең тараған.

Бруцеллез қоздырғышы облыс аумағында МІҚ мен уақ мал арасында кең таралған. Алайда жануарлардың ауыру көрсеткіші қалыпты бола бермейді, эпизоотиялық аумақтылық байқалмайды.

- адамдардың ауыруы көбіне қой шаруашылығы дамыған және оның бруцеллезбен қолайсыз аумаққа жататын жерлерінде байқалуда.

- ветеринар мамандарға өжеттілік танытып диагностикалық зерттеу жоспарына таза мал басын қосуы тиіс. Диагностикалық зерттеулер жануарларды жайылымға шығарғанға дейін әрі байлап ұстауға әкелерден алдын пісіп жетілген топтарды толық алуы керек. Бруцеллезге диагностикалық зерттеулерді жынысына жасына қарай айлап жоспарлау эпизоотиялық ахуалды қоздырады және эпизоотияға қарсы өткізілетін іс-шаралардың тиімділігіне әсер етпейді.

- бруцеллезге қолайсыз аумақтар ресми статистика бойынша нақты жағдайға сәйкес келмейді әрі қажет болған жағдайда оқшаулау іс-шаралары мен тиісті түзетулерді қолдануды талап етеді.

- Сауықтыру іс-шаралары бруцеллезбен күрес жүргізу стратегиясы бұзылған аумақтарда, ауру жануары бар барлық отарларға жүргізілмейді. Жұмыс тек алғашқы тексерулер негізінде жануарларды санитариялық союмен, көбінесе қайта зерттеулерсіз және аурудың қоздырғышын боліп алусыз жасалудан тұрады.

Оң нәтиже көрсеткен жануар анықталған жағдайда, әсіресе қолайлы деп танылатын қожалықтарда қайта зерттеу жұмыстары жүргізілмейді, яғни жануарлар отарынан теріс нәтиже алмайынша қайта зерттеу жоспарының болмауына байланысты тексерілмейді. Облыс көлемінде мұндай өтірік қолайлы аумақтарда ауру жануарлар саны көптеп табылуда.

- Кей бір аумақтарда МІҚ мен уақ малды, төлдерді бірдейлендіру жұмыстары қанағаттанарлықсыз жүргізіледі, және бұл жағдай сауықтыру іс-шараларының тиімділігін тежейді.

- Оқшаулау және анықталған ауру жануарларды сою іс-шаралары қоздырғышты тоқтатуға ықпал етпейді. Бұл аумақтық инспекциялардың және ветеринария болімдерінің іс-әрекеттерінің ауру жануарларды уақытында иеліктен шығару жерлерінде ведомствоаралық келіспеушілігі, оң әсер берген жануарларды сою және қайта өңдеудің, жануарлар иелеріне өнім үшін төлемді уақытылы төлеудің нақты қалыптастырылған механизмінің болмауы.

- ветеринариялық-санитариялық объектілерде және арнайы үй жайларда (мал сою бекеті, шұжық цехы) ауру мал шикізатын қайта өңдеуге арналған қайта өңдеу кәсіпорындарының жеткіліксіздігі не жоқтығы.

- бруцеллез қоздырғышының инфекция көзінен сезімтал жануарларға берілу факторы мен механизмін жою іс-шаралары жеткіліксіз ұйымдастырылады. Шартты қолайлы мал шаруашылығы субъектілері мен жеке аумақтарда ауру жануарлар анықталған жағдайда дезинфекциялау жүргізілмейді немесе жеткіліксіз жүргізіледі. Іс-жүзінде оның сапасын ешкім қадағаламайды. Барлық дәрежедегі лабораториялардың мәліметі бойынша, дезинфекциялаудың сапасын қадағалау жұмыстары тым аз жүргізіледі.

- Бруцеллезге шектес қолайсыз аймақтарда жануарларды еркін алып-сату, қадағалаусыз жануарлар қозғалысы және олардың шаруашылыққа тексерусіз, ветеринариялық қызметтің рұқсатынсыз кіргізілуі.

- Облыс көлемінде, әр ауданға бруцеллезге қарсы іс-шаралардың кешенді жоспарын ұйымдастыру қажет. Жоспарда кешенді ұйымдастырушылық-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық және арнайы ветеринариялық іс-шараларды қамтамасыз ету керек.

- бруцеллезбен күрес жүргізудің маңызды бөлігі сезімтал мал басымен профилактикалық жұмыстар жүргізу болып табылады, оның ішінде негізгісі спецификалық профилактика, яғни бруцеллезге қарсы егу жұмыстары (вакцинация).

Осыған байланысты жануарлар популяциясында иммунды дәреже құру мақсатында егу жұмыстарын ендіру қажет. Арнайы ветеринариялық іс-шаралар әзірлеу кезінде МІҚ мен уақ малды орынды иммундеуді орнатып, спецификалық профилактика құралын, әр-бір қолайсыз аймақ жағдайына қарай егу тәсілін анықтау.

Назарларыңызға рахмет!